



Transparency. Accountability. Justice

Евгений Жовтисті қолдау бойынша мәлімдеме

«Ашық қоғам» институты үстіміздегі жылғы 26 шілдеде Қанат Молдабаевтың қазасына әкелген қайғылы жол оқиғасы туралы естіп, қатты өкінді. Біз ең әуелі Молдабаев мырзаның отбасына көңіл айтамыз және Евгений Жовтиске жанашырлық білдіреміз.

Евгений Жовтис – Қазақстанда заңның үстемдік етуі және демократияны дамыту бойынша жұмыс істейтін беделді құқық қорғаушы. Ұзақ жылдар барысында ол «Ашық қоғам» институты мен Сорос-Қазақстан Қорының қадірлі жолдасына әрі серіктесіне айналды. 1999 жылдан 2002 жылға дейін Евгений Сорос-Қазақстан Қорының Басқарма төрағасы болды, қазір ол Нью-Йоркте орналасқан «Ашық қоғам» институтының Орталық Евразиялық жобасының Басқарма мүшесі болып табылады. Сорос-Қазақстан Қоры Евгений Жовтис басқаратын Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық халықаралық бюромен ынтымақтастықты жоғары бағалайды.

Евгений Жовтис басшылыққа алатын және өзінің өмірін бағыштаған құндылықтар мен стандарттарды ескере отырып, біз Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық конвенцияларға сәйкес оған барлық құқықтар беріледі деп үміттенеміз. Евгенийдің адам құқықтарын қорғаушы ретіндегі жағдайы оның кінәсін кешіру үшін оған айрықша құқық бермейді. Сонымен қатар, айыптылығының дәлелдемелері болмаған жағдайда, оның айрықша жағдайы әдеттегіден қатаң жаза кесілуіне немесе көбірек айып тағылуына әкелмеуге тиіс.

Анықтамалық ақпарат:

Евгений Жовтис 1999 жылдан 2002 жылға дейін Сорос-Қазақстан Қорының Басқарма төрағасы болды, ол сондай-ақ өзінің қызметі үшін көптеген халықаралық марапаттарды иеленген. Жовтис Қазақстандағы адам құқықтарын (соның ішінде дін бостандығы және жиналыстар өткізу бостандығы, сайлау туралы заңнаманы реформалау) қорғау бойынша белсенді әрекет етіп және түрлі үкіметтік комитеттерге қатысып, олардың жұмысына өзінің құқық қорғаушы ретіндегі тәжірибесі мен түсінігін қосады. Жовтис 26 шілдеде жол оқиғасының қатысушысы болып, соның нәтижесінде жүргінші қаза тапқан.